

<https://www.doi.org/10.69927/HLNV7456>

Арынғазиева А.А.<sup>1</sup>, Жорабекова А.Н.<sup>2</sup>, \*Егемберді Ә.Ә.<sup>3</sup>, Абилхаирова Ж.А.<sup>4</sup>

<sup>1,2,3</sup> М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
Қазақстан, Шымкент

<sup>4</sup> Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда

<sup>1</sup> ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-3824-8955>

<sup>2</sup> ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2697-8077>

<sup>3</sup> ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-2319-6455>

<sup>4</sup> ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9147-5439>

\*e-mail: [Assel-arsen@mail.ru](mailto:Assel-arsen@mail.ru)

## ЕМІ – НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ІТ ИНЖЕНЕРЛЕРДІҢ ШЕТТІЛДІК КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ҚҰЗЫРЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ

*Аңдатпа*

Цифрлық экономиканың жаһандануы және ІТ-индустрияның трансұлттық сипаты, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында шетел тілін, ең алдымен ағылшын тілін білу болашақ ІТ-инженерлерді кәсіби даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Сондықтан жоғары оқу орындарының алдында жоғары білікті мамандарды даярлау міндеті тұр, тек ІТ саласындағы мамандар ғана емес, сонымен қатар халықаралық жобаларды, кәсіби қауымдастықтарды, бағдарламалық құжаттамаларды қамтитын ағылшын тілді коммуникативтік кеңістікте кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті. Қазіргі кезеңде тілдік емес университеттерде осы құзыретті қалыптастырудың кең таралған тәсілдерінің бірі English as a medium Instruction (EMI) болып табылады. Осыған байланысты, біздің зерттеуіміз ЕМІ-негізінде болашақ ІТ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастыруға қатысты студенттердің көзқарастары мен қызығушылық деңгейін анықтау және оның қазіргі жағдайын эмпирикалық деректер негізінде сипаттауға бағытталған. Зерттеу барысында теориялық, эмпирикалық және статистикалық әдістер қолданылды. Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге шолу жасалынды. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ІТ мамандығының 132 студенттер арасында сауалнама жүргізіліп, алынған нәтижелер SPSS Statistics бағдарламасын арқылы өңделінді. Нәтижелер болашақ ІТ-инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастыруға мүдделі екенін, өздерінің кәсіби білімдері мен дағдыларын дамытуға ынталы және ұмтылатынын көрсетті. Сондықтан, осы мәселені шешу арқылы жоғары білім беру ортасында ЕМІ негізінде әзірленген оқу-әдістемелік құралдарды енгізу, ЕМІ негізінде модель әзірлеу, жоғары техникалық білім беру жүйесін жетілдіруге ықпал ететін кәсіптік пәндік оқытуды жүйелі тілдік қолдау тетіктерін енгізу ұсынылады.

*Түйінді сөздер:* ЕМІ (English Medium Instruction), пән мен тілді кіріктіріп оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технология, шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастыру, ағылшын тілі, болашақ ІТ инженерлер, қазіргі жағдай.

***Кіріспе.*** Жаһандану кезеңінде бүкіл әлем жедел цифрлануымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технология саласы қарқынды дамуына байланысты еңбек нарығының талаптары мен сұраныстары жаңарып отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технология әлеміндегі болашақ ІТ (Information Technology) инженерлер өз маманының білікті де білімді, жан-жақты болу міндеттелген, сонымен қатар шетел тілін, ең алдымен ағылшын тілін білу міндетті. Соңғы отыз жылда ағылшын тілі ғылымның, техниканың және бағдарламалаудың халықаралық тіліне айналды.

Осы орайда, ҚР Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың 2025 жылғы жолдауында «Әсіресе техникалық мамандықтарды меңгерген өз ісінің нағыз шеберлері керек. Қазіргі тілмен айтсақ, «сапасы жоғары адами ресурстар» қажет ... Елімізге кәсіби даярлығы жоғары, білікті жұмысшылар өте қажет, бұл – анық нәрсе» [1]. Президентіміздің жоғары білім беру ұйымдарына қойып отырған тапсырмасы ол еліміздің цифрлық ортада дамуына орасан зор үлес қосатын және әлемдік деңгейде бәсекелесе алатын, сонымен қатар еңбек нарығының талаптарына, сұраныстарына жауап бере алатын білімді, білікті, шеттілдік кәсіби құзыретті мамандарды талап етіп отыр.

Ең алдымен бұл зерттеуде кәсіби бағытталған құзырет сөзінің мәнін ашып алар болсақ, «М.А. Грязнованың пікірінше, «шеттілдік кәсіби құзыреттілік - шетел тілінде сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас мәдениетінің жоғары деңгейін, кең дүниетанымын, шығармашылық ойлауды дамытуды және маманның жаһандық ортаға енуіне мүмкіндік беретін, әлемдік ақпараттық кеңістікте және кәсіби-ғылыми іс-әрекетінде ұлтаралық қарым-

қатынас процесінде өзін жүзеге асыратын жеке және кәсіби қасиеттердің жиынтығын білдіреді» [2] деп көрсетті.

Осы зерттеуіміздегі болашақ ІТ инженерлерінің шеттілдік кәсіби құзыретін қалыптастыру – ІТ саласындағы барлық технологиялар, технологиялық ресурстар, құжаттамалар мен кәсіби материалдар ағылшын тілінде. Болашақ ІТ инженерлері үшін ағылшын тілін меңгеру бұл тек жеңіл қарым-қатынас үшін ғана емес, керісінше олардың кәсіби біліктілігін дәлелдейтін зор дәлел. Нақтырақ айтар болсақ, жалпы ІТ инженерлері құжаттамалармен, нұсқаулықтармен, ақпараттық және бағдарламалық жасақтаманың техникалық сипаттамаларымен жұмыс жасайды, ал бұл ретте ақпараттық-коммуникациялық технологиялық ресурстар мен құжаттамалар, құрылымдар, жүйелер, әдеби құралдар толығымен ағылшын тілінде. Шеттілдік кәсіби құзыретті болашақ ІТ инженерлердің бұл жағдайда жұмыс жасау және тапсырмаларды орындау, жүйелерді жабдықтау, орнату кезеңдері әлде қайда жеңіл және жүйелі жұмыс жасау мүмкіндігі болады. Осылайша, болашақ ІТ инженерлер әлемдік тенденциялардан артта қалмай еліміздің ғана емес, сонымен қатар әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарға айналады. Сондықтан, қазіргі таңда жоғары оқу орындарының міндеті - ІТ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастыру.

Аталған құзыретті қалыптастыруда ағылшын тілін оқыту мәселелерін зерделеу қажет. Осы орайда, ЕМІ (English Medium Instruction) – қазақ тіліндегі сипаттамасы «ағылшын тілін оқыту құралы», бұл қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесіндегі кәсіби бағытталған пәндерді ағылшын тілімен кіріктіре оқыту негізгі мәселеге айналып отыр. Ағылшын тілінде жүргізілетін пәндерде ЕМІ негізінде оқытар болса, көздеген мәселені тереңдетілген жағдайда тез қол жеткізуге мүмкіндік болады [3].

Олардың ішінде ЕМІ-дің мазмұнды түсінуге және оны игеруге әсері өте маңызды тақырып болып табылады, өйткені ЕМІ ең алдымен тіл үйренуге емес, пәндік мазмұнды зерттеуге бағытталған [4]. Студенттер пәндік материалдарды ана тілінде емес, ағылшын тілінде оқып түсінуі дағдыларын ЕМІ негізінде жетілдіру пәндік құзыреттің жоғарылауын қамтамасыз етеді. ЕМІ негізінде оқытылатын пәндерді ағылшын тілінде оқыту бұл студенттердің пәннің мазмұнын ағылшын тілінде түсінуге және оқуға деген ынтасы, өз көзқарастарын қаншалықты дамытатыны туралы сапалы талдауды ұсынады. Болашақ ІТ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастыруда ЕМІ негізінде оқыту тілді үйренуден әлдеқайда тиімдірек болар еді.

Бұл зерттеудің жаңалығы ЕМІ-негізінде болашақ ІТ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастыруға қатысты студенттердің көзқарасын Қазақстанның техникалық жоғары оқу орны контексте эмпирикалық деректер негізінде сипатталып, студенттердің оған деген қабылдауы мен мотивациялық ерекшеліктерін анықтауға бағытталады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – ЕМІ (English Medium Instruction) негізінде болашақ ІТ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастыруға қатысты студенттердің көзқарастары мен қызығушылық деңгейін анықтау және оның қазіргі жағдайын эмпирикалық деректер негізінде сипаттау. Осы мақсатқа жету үшін келесі зерттеу сұрақтары қойылды:

1. ЕМІ-дің негізінде болашақ ІТ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастырудың қазіргі жағдайын теориялық тұрғысынан зерделеу.
2. Қазақстан ЖОО – дағы ЕМІ-негізінде оқытуға қатысты болашақ ІТ инженерлердің көзқарастары мен қызығушылық деңгейі қандай?
3. Студенттердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастыруға қатысты мотивациялық ерекшеліктері қандай деңгейде көрінеді?

*Әдебиетке шолу.* «Білім туралы» заңында болашақ мамандардың кәсібилік деңгейлерін жақсарту мақсатында көп тілді білім алуына жағдай жасау туралы міндеттелген болатын. Осы заңның негізінде жоғары білім беру жүйесінде әр мамандыққа сай етіп кәсіби бағытталған шетел тілі пәні енгізіліп, оның оқу жоспарлары, оқу құралдар мен оқу әдістемелік құралдар

дайындалды. Осы аралықта «Үш тілде білім беру саясаты», яғни арнайы мамандыққа негізделген пәндерді үш тілде беру қалыптасты. Жаһандануға байланысты жоғары оқу орындары әртүрлі тілдік тәжірибесі бар студенттер мен оқытушылардың лингвистикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ЕМІ арқылы интернационалдандыру құралдарын пайдаланады [5]. Міне сондықтан ЕМІ негізінде болашақ ІТ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастырудың қазіргі жағдайын зерттеу маңызды фактор ретінде қарастырылады.

Интернационалдандыру және жаһандану кезеңінде жоғары оқу орындарында ағылшын тілінде оқытылатын шеттілдік курстардың көбейюіне байланысты болашақ ІТ инженерлерінің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастыруда ЕМІ-оқыту моделі арқылы ІТ инженерлердің ағылшын тілін кәсіби деңгейде меңгерту ең тиімді оқыту моделі болып табылады. Сонымен қатар, «ЕМІ – жоғары білім беру жүйесіндегі негізгі бағытқа айналады және ағылшын тілі дәстүрлі түрде шетел тілі мәртебесіне ие болған жағдайда кеңейеді, Жоғары оқу орнының студенттерінің шеттілдік кәсіби құзыреттерін арттыру мақсатында, ЕМІ-дің жоғары білім берудегі өсу себептері әр елде әр түрлі болғанымен, ЕМІ-ге қарай жалпы қозғалыс жаһандық болып табылады [6]. Жоғары деңгейдегі білім беруді ілгерілету немесе озық білімге қол жеткізу арқылы Дамушы әлемдегі жағдайды жақсартуға үлес қосу сияқты альтруистік ниеттерден ЕМІ кеңейтуді талап ететін қытай және жапон университеттерінен айырмашылығы болашақ студенттер мен ағылшын тілі мұғалімдерінің білім беру, ғылыми зерттеулер және жұмысқа орналасу мүмкіндіктері тілі ретінде қабылдауы сонымен қатар университеттерді ЕМІ-ді микро деңгейде енгізуге итермелейді, бұл сөзсіз жоғары қозғалыс болып табылады, бұл ғалымдардың ағылшын тілін үйренуінен, ағылшын тілінде халықаралық біліктілікке ие болуынан және осылайша еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуынан көрінеді [7].

Сонымен қатар, J.Airey ЕМІ-ді «академиялық оқыту құралы... академиялық пәндер бойынша мазмұнды білім алу процесінің жанама өнімі» [8] деп көрсетті. Болашақ ІТ инженерлерінің шеттілдік кәсіби құзыретін қалыптастыруда Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы ақпараттық-коммуникациялық технология инженерлерінің ағылшын тілі пәні олардың негізгі пәндердің біріне айналып, пәнді ағылшын тілімен кіріктіре оқыту міндеттелді.

Сонымен қатар, M.Li-дің пікірі бойынша, «Ағылшын тілі оқу құралы ретінде студенттерге ана тіліне қарағанда азырақ белгілі болуы мүмкін болғандықтан, ЕМІ түсіну дағдыларының жетілмегендігінен немесе мұғалімдер бұл мәселені болжап, мазмұнды жеңілдететіндіктен пәндік құзыреттіліктің төмендеуіне әкелуі мүмкін деп болжауға болады» [9].

ЕМІ – ағылшын тілін ана тілі болып табылмайтындардың тілдік және мазмұнды білімдерін кеңейту үшін ағылшын тілін Лингва-франк ретінде пайдалану [10]. Ағылшын тілі кәсіби оқытудың барлық салаларында қолданылып, ал кейбір салаларда міндеттелген негізгі пән ретінде оқытылады. ЕМІ-де студенттер мен университеттер білім берудегі жаһандық ұтқырлықты көрсететін саясатты ескере отырып, интернационалдандыру мен экономикалық артықшылықтардан пайда көре алады [11]. Қажетті дағдыларсыз кенеттен ЕМІ-ге жүгіну әртүрлі жағымсыз және жағымды эмоцияларды тудыруы мүмкін. Алайда, жағымсыз эмоциялар ЭМИ кезінде айқынырақ және басым болады [12].

ЕМІ негізінде болашақ мамандардың шеттілдік кәсіби құзыретін қалыптастыруда ЕМІ-дің маңызды элементтері ағылшын сыныбындағы өзара түсінікті қалыптастыру мен қолайды атмосфера орнату да маңызды рөл атқарады. ЕМІ негізіндегі оқытылатын студенттері достық академиялық ортада оқығанда, олар шоғырланған, сабырлы және жақсы жұмыс істейді. Олардың сыныптағы сабақтарға қатысу дәрежесі де артады. Осы саланың маңыздылығына қарамастан, ЕМІ тиімді, ол әсерлі, мотивациялы, біліктілікке қажетті құзыреттер, кодты өзгерту және сәйкестілік деп көрсетті [13].

ЕМІ-дің өнімділікке әсерін, мотивация, біліктілік, қажетті құзыреттер, кодты өзгерту және ЕМІ мазмұн мен тілдің арақатынасын сипаттап, студенттердің дерлік барлығы ағылшын

тілінде оқытылатын негізгі пәндері олардың болашақ кәсіби қызметтерінде бәсекеге қабілеттілігін арттыратындықтарын көрсетеді [14].

Сонымен, отандық және шетелдік ғалымдардың заманауи зерттеулерінде ЕМІ – негізінде Болашақ ІТ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастырудың қазіргі жағдайын зерттеуді талап етіп отыр. Себебі жаһандану дәуірінде жан-жақты, білікті де білімді болашақ мамандарды оқыту, олардың шеттілдік деңгейлерінде қалыптастырудың теориялық зерттеу қажет етіп отыр. ЖОО-да кез келген мамандарды даярлауда студенттердің кәсіби шетел тілін, оның ішінде ағылшын тіліне деген қызығушылықтарын арттыру, оларды ынталандыру шетел тілін оқытудың маңызды аспектілері болып табылады.

**Әдістер мен материалдар.** Зерттеу жұмысы сандық сипаттамалық және көлденең (descriptive cross-sectional) зерттеу дизайны негізінде ұйымдастырылды. Аталған дизайн зерттеліп отырған құбылыстың ағымдағы жағдайын айқындауға бағытталған және зерттеуші тарапынан қандай да бір ықпал етуді көздемейді. Көлденең зерттеу тәсілі деректердің бір уақыт аралығында, яғни бір реттік өлшеу негізінде жиналуын қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде зерттеу объектісінің нақты кезеңдегі нақты жағдайын сипаттауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы барысында теориялық, эмпирикалық және статистикалық әдістер қолданылды. Теориялық деңгейде зерттеу тақырыбына қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге жүйелі шолу жасалып, ЕМІ негізінде шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретті қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері айқындалды. Эмпирикалық кезеңде сандық әдістер қолданылды, атап айтқанда сауалнама жүргізу арқылы деректер жинақталып, олар кейін статистикалық өңдеуден өткізілді.

**Іріктеу және қатысушылар.** Зерттеуде мақсатты іріктеу (purposive sampling) әдісі қолданылды, себебі зерттеу нақты мақсатты аудиторияға – ІТ мамандығында білім алушы студенттерге бағытталды.

Іріктеуге М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Ақпараттық жүйелер» мен «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламалары бойынша 1-4 курс аралығындағы 132 студент қатысты. Қатысушылардың жас ерекшеліктері 18-21 жас аралығын қамтиды.

Іріктеу критерийлері төмендегідей болды:

- ІТ бағыты бойынша;
- ЕМІ элементтері енгізілген пәндерді меңгеру;
- зерттеуге ерікті түрде қатысуы.

Аталған тәсіл зерттеу мақсатына сәйкес келетін респонденттерді таңдауға мүмкіндік беріп, алынған деректердің мазмұндық сәйкестігін қамтамасыз етті.

Қатысушылар туралы қосымша мәлімет төмендегі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қатысушылар туралы мәлімет

1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
Студент саны – 40 (31%)	Студент саны – 20 (15,9%)	Студент саны – 53 (42,1%)	Студент саны – 10,3 (31%)

Дереккөз: авторлар сауалнаманың мәліметтерінің негізінде құрастырған.

**Зерттеу құралы.** Эмпирикалық деректерді жинау мақсатында Google Forms онлайн құралы арқылы 10 сұрақтан тұратын сауалнама әзірленді. Саулнама мазмұны ЕМІ тұжырымдамаларына, шеттілдік кәсіби бағытталған құзыреттілік теориясына және оқу мотивациясы мәселелеріне негізделіп құрастырылды. Сұрақтар студенттердің ЕМІ негізінде оқытуға қатынасы, кәсіби ағылшын тілін меңгеруге қызығушылығын және болашақ кәсіби қызметте ағылшын тілін қолдануға дайындығын анықтауға бағытталды. Барлық сұрақтар 5 балдық Likert шкаласы бойынша өлшенеді.

**Құралдың валидтігі мен сенімділігі.** Зерттеу құралының ғылыми негіздігі мен сапасын қамтамасыз ету мақсатында валидтілік пен сенімділік бірнеше деңгейде тексерілді:

- Мазмұндық валидтілік (сауалнама сұрақтары ғылыми әдебиеттер негізінде құрастырылып, салалақ сарапшылар тарапынан бағаланды);
- Құрылымдық валидтілік (сауалнама құрылымының сәйкестігі факторлық талдау элементтері арқылы қарастырылды);
- Сенімділік (ішкі біртектілік көрсеткіші Cronbach's Alpha коэффициенті арқылы анықталды ( $\alpha \geq 0,7$ ), бұл құралдың сенімділігін растайды).

*Деректерді жинау және талдау.* Болашақ IT инженерлердің ЕМІ-негізінде оқытуға қызығушылықтары мен шеттілдік кәсіби құзыретін қалыптастыруға ынтасын анықтау мақсатында зерттеу Likhert шкаласы (1 – мүлде қызықтырмайды, 5 – өте жоғары деңгейде қызықтырады) негізінде жүргізіліп, алынған деректердің ішкі біртектілігі Cronbach's Alpha коэффициенті арқылы бағаланды.

Эмпирикалық кезеңде деректерді жинау Google Forms платформасы арқылы жүргізіліп, алынған нәтижелер IBM SPSS Statistics бағдарламасының көмегімен статистикалық өңдеуден өткізілді.

Деректерді талдау барысында келесі әдістер қолданылды: сипаттамалық статистика (орташа мәні, стандарттық ауытқуы) және сенімділік талдауы (Cronbach's Alpha). Бұл әдістер зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен дәлдігін қамтамасыз етеді.

*Зерттеудің шектеулері.* Зерттеу бір жоғары оқу орынының базасында, яғни Қазақстанның оңтүстік өңірінде жүргізілгендіктен, алынған нәтижелерді толықтай жалпылау шектеулі болып табылады. Бұл шектеу зерттеудің пилоттық сипатымен және нақты академиялық ортада терең талдау жүргізу қажеттілігімен негізделеді.

Болашақта зерттеу ауқымын кеңейтіп, әртүрлі өңірлер мен жоғары оқу орындарын қамту жоспарлануда.

*Этикалық аспектілер.* Зерттеу барысында барлық қатысушылардан ерікті түрде келісім алынды. Сауалнама анонимді түрде жүргізіліп, қатысушылардың жеке деректері құпия сақталды.

*Нәтижелер мен талқылау.* Зерттеу сұрақтарына жауап беру мақсатында сипаттамалық статистика қолданылып, орташалар мен стандарттық ауытқулар есептелді (2-кесте). Сауалнама нәтижелері болашақ IT инженерлерінің ЕМІ-негізінде шеттілдік кәсіби құзыреттерін дамытуға деген қызығушылық деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

2-кесте. Сипаттамалық статистика

№	Сұрақтар	Өте қатты қызықтырады	Қызықтырады	Бейтарап	Қызықтырмайды	Мүлде қызықтырмайды	Орташа мәні (M)	Стандарттық ауытқуы (SD)
1	Сізді ағылшын тілін меңгеруге қаншалықты қызықтырады?	39,4%	49,2%	11,4%	-	-	4,47	0,694
2	Өз мамандығыңызды шетел тілінде меңгеру сізді қаншалықты қызықтырады?	34,8%	43,2%	16,7	5,3%	-	4,12	0,804
3	IT саласын ағылшын тілінде меңгеру қызықтырады ма?	62,2%	28,8	5,3%	0,8%	-	4,65	0,581
4	Ағылшын тілінде өтетін пәндеріңізді EMI (English Medium Instruction) негізінде үйрену қаншалықты қызықтырады?	35,6%	34,1%	27,3	2,3%	0,8%	4,05	0,902
5	EMI (English Medium Instruction) негізінде IT-ді меңгеру қызықтырады ма	45%	38,2%	16,8%	-	-	4,36	0,755
6	Ағылшын тілін меңгеру шетелдік IT ресурстарды пайдалану сізді қызықтырады ма?	61,5%	34,6%	3,8%			4,80	0,471

7	EMI (English Medium Instruction) негізінде шеттілдік құзыреттіңізді дамытуды қаншалықты қызықтырады?	41,7%	43,9%	14,4%	-	-	4,56	0,725
8	Болашақта IT саласы бойынша еңбек нарығының талаптарына сай шеттілдік құзыретті маман болу сізді қаншалықты қызықтырады?	43,9%	39,4%	15,2%	0,8%	0,8%	4,41	0,773
9	Болашақта оқуды бітірген соң IT саласына қатысты термин сөздерді ағылшын тілінде білуге қаншалықты сізді қызықтырады?	48,1%	42%	7,6%	2,3%	-	4,53	0,748
10	Болашақта IT маманы ретінде шетелдік әріптестеріңізбен ағылшын тілінде еркін қарым-қатынас жасау сізді қызықтырады?	54,5%	35,6%	8,3%	0,8%	0,8	4,58	0,744

Дереккөз: авторлар саунаманы Likert шкаласы бойынша IBM SPSS Statistics бағдарламасының Cronbach's Alpha статистикалық көрсеткіштерін анықтау арқылы алынған нәтижелердің негізінде құрастырған.

2-кестеде келтірілген нәтижелерге сәйкес, респонденттердің басым көпшілігі ағылшын тілін меңгеруге жоғары қызығушылық танытады ( $M=4,47$ ;  $SD=0,694$ ). Сонымен қатар, өз мамандығын ағылшын тілінде меңгеруге деген қызығушылық деңгейі де салыстырмалы түрде жоғары ( $M=4,12$ ;  $SD=0,804$ ). IT саласын ағылшын тілінде меңгеруге қатысты көрсеткіштер одан да жоғары мәнді көрсетеді ( $M=4,65$ ;  $SD=0,581$ ), бұл студенттердің кәсіби контексте шетел тілінің маңыздылығын түсінетін білдіреді.

Ең жоғары көрсеткіштердің бірі ағылшын тіліндегі IT ресурстарды пайдалануға қызығушылыққа қатысты анықталды ( $M=4,80$ ;  $SD=0,471$ ), бұл студенттердің кәсіби ақпараттық ортада ағылшын тілін қолдануға дайын екендігін білдіреді. Сонымен қатар, шетелдік әріптестерімен ағылшын тілінде қарым-қатынас жасауға деген қызығушылық ( $M=4,58$ ;  $SD=0,744$ ) және кәсіби терминологияны меңгеруге ұмтылыс ( $M=4,53$ ;  $SD=0,748$ ) көрсеткіштері де жоғары деңгейде тіркелді.

EMI негізінде пәндерді меңгеруге қатысты көрсеткіштер ( $M=4,05$ ;  $SD=0,902$ ) басқа айнымалылармен салыстырғанда біршама төмен болғанымен, жалпы алғанда оң бағаланатынын көрсетті. Бұл нәтиже студенттердің ағылшын тілін кәсіби мақсатта қолдануға жоғары мотивациясы бар екенін, алайда EMI форматында оқытуға бейімделу деңгейі біркелкі емес болуы мүмкін екенін аңғартады.

EMI арқылы IT пәндерін меңгеруге қызығушылық ( $M=4,36$ ;  $SD=0,755$ ) және шеттілдік кәсіби құзыретті дамытуға ұмтылыс ( $M=4,56$ ;  $SD=0,725$ ) студенттердің осы бағыттағы оң көзқарасын көрсетеді. Алайда, бұл көрсеткіштер студенттердің нақты оқу жетістіктерін немесе тілдік құзыретін объективті деңгейін емес, олардың субъективті қабылдауларын сипаттайтынын ескеру қажет.

Зерттеу нәтижелерінде белгілі бір қарама-қайшылық анықталды: бір жағынан қатысушылар EMI әдісіне оң көзқарас білдірсе, екінші жағынан оны жүзеге асыруға дыйындық деңгейін жеткіліксіз екендігі байқалынды. Бұл мотивациялық компонент пен нақты құзырет деңгейі арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Оң көзқарас EMI-дің кәсіби маңыздылығын түсінумен байланысты болуы мүмкін, алайда тілдік және әдістемелік дыйындықтың жеткіліксіздігі оны тиімді қолдануға кедергі келтіреді. Сондықтан EMI енгізу барысында білім алушылардың дайындық деңгейін ескеру қажеттілігі туындайды.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер EMI-негізінде оқытуға қатысты студенттердің жоғары қызығушылығы мен оң қабылдауын көрсетеді. Дегенмен, зерттеу деректері тек сипаттамалық сипатқа ие және инференциалдық статистика немесе эксперименттік салыстырулар жүргізілмегендіктен, топтар арасында айырмашылықтар терең деңгейде талданбады.

Осыған байланысты, EMI әдісінің тиімділігі туралы тұжырымдарды жалпылама түрде жасау шектеулі болып табылады. Зерттеу нәтижелері EMI-дің тиімділігін дәлелдеу емес,

студенттердің оған деген қызығушылығы мен қабылдау ерекшеліктерін сипаттауға бағытталған.

Сауалнаманың бұл нәтижелері болашақ ІТ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін ЕМІ – негізінде қалыптастыруды зерттеуді және ағылшын тілінде жүргізілетін негізгі пәндерінің оқыту әдістерін жетілдіруді көрсетеді. Осы орайда, шетелдік ғалымдар L.Ху және Y.Хiao [15] ЕМІ қолдану студенттердің тыңдау және сөйлеу дағдыларына әсер етуі мүмкін және Қытайдың жоғары білім беру жүйесінде ЕМІ-ді оқытуды енгізу оқытушылардың оқытушылық тәжірибесін жетілдіретінін атап отыр. Ал, М.А. Тәжік және оның әріптестері [16], пәндерді ЕМІ арқылы ағылшын тілінде оқыту студенттерде мазасыздық пен қиындықтар тудыратын фактор екенін көрсетті. Дегенмен D.M. Kang-дің [17] зерттеуі бойынша егер студент ЕМІ арқылы оқытуға қарсы болатын болса, ол пәнге қатысты лексиканы және жалпы ағылшын тілінде оқудағы қиындықтардың туындауы, ол оқытушының шамадан тыс академиялық назары әсер етті делінген. Бұл тұста зерттеуші студенттің ағылшын тілінде оқытылатын пәндерді ЕМІ арқылу оқытуына қарсы еместігін, керісінше ағылшын тілінде жүргізілетін пәндерді ЕМІ арқылы оқыталатын болса, олардың пәнге және ағылшын тілін меңгеруге деген қызығушылықтары туындауы мүмкін екенін анықтауға болады.

Зерттеудің нәтижелері болашақ ІТ мамандарының шеттілдік кәсіби құзыретін қалыптастырудың маңыздылығы артырады және студенттердің ағылшын тілін меңгеруге және ІТ саласындағы арнайы техникалық терминологияны дұрыс қолдануға, техникалық мәтіндерді түсініп оқуға, халықаралық деңгейдегі кәсіби ортада ағылшын тілінде шетелдік ІТ мамандарымен еркін қарым-қатынас жасау қабілетін арттыратындығын, қызығушылықтары мен мотивацияларын жетілдіру мен дамытады. ЕМІ-ді жоғары білім беру жүйесінде интернационалдандырудың негізгі тетігі ретінде қарастырып, оның техникалық мамандықтар үшін маңыздылығын атап өтеді [18]. Ағылшын тілінде жүргізілетін негізгі пәндерін ЕМІ-негізінде өтуге оң баға беріп отыр. Зерттеу нәтижесінде басқа зерттеулермен салыстыру ЕМІ-негізінде ІТ саласындағы болашақ мамандарды даярлауда халықаралық тәжірибемен үндес екенін айқындайды. Студенттерде қосымша уақыт болса, Британдық студенттер сияқты ағылшын тіліндегі кәсіби пәнді оқулығын оқуды ұсынады [19]. Ал ағылшын тілін ЕМІ-негізінде меңгеру – бұл шеттілдік кәсіби даярлықтың күшейтетінін біріктірілген тәсіл ретінде айқындалып отыр. Міне сондықтан ағылшын тілін ЕМІ-негізінде меңгеруді жетілдіру бұл студенттердің ағылшын тілін үйренуге сонымен қатар мамандықтарын кәсіби деңгейде білу олардың қызығушылықтарын едәуір арттырып, ынталандырады.

ІТ саласында шетел тілінің кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде ерекше рөл атқарып, студенттердің академиялық мәтіндерді меңгеріп, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге ынталы екені анықталып, бұл нәтижелер басқа зерттеулерменде расталды. Осылайша зерттеуіміздің нәтижесінде жоғары білім беру үдерісінде ЕМІ-негізінде болашақ ІТ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастыру өзекті әрі маңызды болып табылады.

Ағылшын тілінде оқытылатын пәндерде ЕМІ-негізінде оқыту жүйелі түрде ұйымдастырылса нәтижеге толық қол жеткізуге болады және де ЕМІ негізінде оқыту ең тиімді әрі перспективалы тәсіл екенін дәлелдейді. Шеттілдік кәсіби білім деңгейінің сапасын жақсартып қана қоймай, білім бері үдерісі кезеңінде студенттердің ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттырып, шеттілдік құзыретке тез қол жеткізеді және ЕМІ оқыту барысында маңызды фактор екенін көрсетті.

Сонымен, зерттеудің ғылыми жағалығы келесі аспектілермен айқындалады. Біріншіден, зерттеу ЕМІ негізінде болашақ ІТ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастыруға қатысты студенттердің көзқарасын Қазақстанның техникалық жоғары оқу орын деңгейінде эмпирикалық деректер негізінде сипаттайды. Бұл бағыттағы зерттеулердің басым бөлігі теориялық немесе шетелдік контексте жүргізілген ескерсек, ұсынылған жұмыс отандық білім беру жүйесіндегі нақты жағдайы көрсетеді.

Екіншіден, зерттеу нәтижелері ЕМІ-дің тиімділігін тікелей дәлелдеуге емес, студенттердің оған деген қабылдауы мен ынталану ерекшеліктерін анықтауға бағытталған,

бұл шеттілдік кәсіби құзыретін қалыптастырудағы мотивациялық фактордың рөлін нақтылауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, алынған нәтижелер ЕМІ-негізінде оқытуға деген жоғары қызығушылық пен нақты оқу тәжірибесіне бейімделу деңгейін әркелкілігі арасында айырмашылық көрсетеді, бұл оқыту үдерісін ұйымдастыруда дифференциалды тәсілдің қажеттілігін негіздейді.

Осылайша, алынған нәтижелерді басқа зерттеулермен салыстырғанда, ЕМІ-негізінде оқыту студенттердің мотивациясына оң әсер етуі мүмкін екендігі туралы ғылыми еңбектермен белгілі бір деңгейде сәйкес келеді. Алайда, берілген зерттеуде мұндай әсер тікелей өлшенбегендіктен, бұл байланыс тек ықтимал интерпретация ретінде қарастырылады.

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері болашақ ІТ инженерлерінің ЕМІ-негізінде оқытуға оң көзқарасын және кәсіби ағылшын тілін меңгеруге жоғары қызығушылығын көрсетті. Сонымен қатар, алынған деректердің субъективті сипаты және талдаудың сипаттамалық деңгейде жүргізілуі нәтижелерді жалпылау мүмкіндігін шектейді. Осыған байланысты, болашақ зерттеулерде дифференциалдық статистика, эксперименттік дизайн және сапалық әдістерді (интервью, фокус-топтар) қолдану арқылы мәселені теңірек зерттеу қажеттілігі туындайды.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижелері ЕМІ-негізінде болашақ ІТ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастырудың қазіргі жағдайын зерделеп, Қазақстан ЖОО-дағы ЕМІ-негізінде болашақ ІТ инженерлердің шеттілдік кәсіби бағытталған құзыретін қалыптастыруға қатысты жалпы оң көзқарасын айқындады. Сауалнама деректері студенттердің ағылшын тілін меңгеруге, кәсіби терминологияны игеруге және халықаралық кәсіби ортада қарым-қатынас жасауға деген жоғары қызығушылық деңгейін көрсетеді.

Сонымен қатар, алынған деректер ЕМІ-негізінде оқытуға деген қызығушылықтың жоғары болуына қарамастан, оны жүзеге асыруға байланысты дайындық деңгейінің біркелкі еместігін көрсетеді. Бұл мотивациялық факторлар мен. Нақты тілдік және академиялық дайындық деңгейі арасында айырмашылықтың бар екенін білдіреді.

Алайда, зерттеу нәтижелері студенттік өзіндік бағалаларына негізделгенін ескеру қажет. Осыған байланысты алынған деректер нақты шеттілдік кәсіби құзыретін қалыптасу деңгейін емес, қатысушылардың ЕМІ-ге қатысты қабылдауы мен көзқарасын сипаттайды. Сонымен қатар, зерттеу сипаттамалық және көлденең дизайн негізінде жүргізілгендіктен, ЕМІ әдісінің тиімділігіне қатысты сеебеп-салдарлық байланыстарды анықтауға мүмкіндік бермейді.

Осыған орай, ЕМІ-негізінде оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін білім алушылардың тілдік және академиялық дайындық деңгейін ескеру, сондай-ақ жүйелі тілдік қолдау тетіктерін енгізу қажеттілігі айқындалады.

Зерттеудің ғылыми үлесі ЕМІ-негізінде оқытуға қатысты студенттердің көзқарастары мен мотивациялық ерекшеліктерін нақты білім беру контекстінде эмпирикалық деректер арқылы сипаттаумен байланысты. Бұл нәтижелер ЕМІ енгізу үдерісінде тек әдістемелік емес, сонымен қатар дайындық факторларын кешенді түрде ескеру қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеудің шектеулері жүргізілген сауалнама тек бір аймақтың бір жоғары оқу орны базасында жүргізілуімен және тек сандық деректерге негізделуімен байланысты.

Болашақ зерттеулерде ЕМІ-негізінде оқытудың тиімділігін теңірек анықтау мақсатында эксперименттік дизайн, дифференциалдық статистика және сапалық әдістерді (интервью, фокус-топтар) қолдану ұсынылады.

Сонымен қатар, болашақ ІТ инженерлердің кәсіби бағытталған шетел тілі құзыретін дамыту мақсатында жоғары оқу орнындағы білім беру процесіне ЕМІ тиімді енгізу үшін нақты практикалық тетіктер арқылы жүзеге асырылады:

Біріншіден, білім беру мазмұнындағы студенттердің тілдік біліктілігіне, кәсіби қызығушылықтарына және сапалық білім алуларын қамтамасыз ететін қажеттіліктеріне қарай саралауға мүмкіндік беретін жеке білім беру траекториясын әзірлеу маңызды. Осы тұрғыда бейімделгіш цифрлық платформаларды және жеке тапсырмалар жүйесін енгізу ұсынылады.

Екіншіден, кәсіби ағылшын тіліне бағытталған және IT-саласына байланысты терминология, академиялық жазу дағдыларын, техникалық мәтінді талдау және кәсіби коммуникацияны дамыту мақсатындағы элективті курстарын әзірлеу және енгізу қажет.

Үшіншіден, теориялық материалдар мен практикалық тапсырмаларды (кейс-стадилер, жобалық жұмыс, есептерді шешу жаттығулары) жүйелі түрде біріктіретін ағылшын тілінде оқытуға негізделген кешенді оқу бағдарламаларын әзірлеу қажет. Бұл бағдарламалар пәндік және тілдік құзыреттерді біріктіре отырып, бір мезгілде дамуын қамтамасыз етеді.

Төртіншіден, тілді тиімді меңгеруді қолдау мақсатында арнайы жүйелі тілдік құрылым жүйесі енгізілуі тиіс. Бұл ретте пән мұғалімдері мен тіл мамандарының ынтымақтастығы, кәсіби терминология глоссарийлерін әзірлеу және академиялық және кәсіби сөздік үлгілерін ұсыну арқылы қол жеткізіледі.

Бесіншіден, білім алушылардың шеттілдік оқуын жақсартуға және шеттілдік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беретін цифрлық білім беру технологиялары, атап айтқанда, LMS платформасы, интерактивті құралдар (Quizlet, Kahoot, Edpuzzle) және жасанды интеллектпен жұмыс істейтін (Grammarly, ChatGPT) секілді құралдарды кеңінен қолдану маңыздылығы жоғары бағаланады.

Алтыншыдан, оқытудағы негізгі шарттардың бірі - мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында ағылшын тілін оқыту бойынша кәсіби даму курстарын ұйымдастыру, пән мұғалімдерінің ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыру және халықаралық озық тәжірибелерді енгізу ұсынылады.

Жетіншіден, пәндерді ағылшын тілінде оқытуда кешенді бағалау студенттердің пәндік білімін ғана емес, сонымен қатар шеттілдік кәсіби құзыретін де (презентациялар, жобалар, техникалық есептер) қамту үшін бағалау жүйесін жаңғырту қажет.

Жоғарыда аталған құрылымдарды жүйелі түрде енгізу - бұл жоғары оқу орындарында дайындалатын болашақ IT инженерлерді ағылшын тілінде оқыту арқылы шеттілдік кәсіби бағытталған дағдыларын дамыту тиімділігін арттырады және білім беру сапасын халықаралық стандарттарға жақындатады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. – 2025. [Электрондық ресурс] – URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K25002025\\_1/history](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K25002025_1/history) (қаралу күні: 28.01.2026)

2 Грязнова М. А. Иноязычная профессиональная коммуникативная компетенция медицинских специалистов // Вестник ОмГУ. – 2012. – №1(63). – С. 145–147. [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/inoyazychnaya-professionalnaya-kommunikativnaya-kompetentsiya-meditsinskih-spetsialistov> (қаралу күні: 28.01.2026)

3 Dafouz E., & Camacho-Miñano M. Exploring the impact of English-medium instruction on university student academic achievement: The case of accounting // English for Specific Purposes. – 2016. – Vol. 44. – P. 57-67. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.esp.2016.06.001>.

4 Airey J. EAP, EMI or CLIL? // In: Hyland, K.(eds.), The Routledge handbook of English for academic purposes. – London: Routledge, 2016. – P. 71-83. [Электрондық ресурс] – URL: <https://uat.taylorfrancis.com/chapters/edit/10.4324/9781315657455-15/eap-emi-clil-john-airey> (қаралу күні: 02.03.2026)

5 Sajjad P. A study of the perceptions of lecturers and students towards English-medium instruction in Pakistani Higher Education: Doctoral Thesis. – Southampton: University of Southampton, 2018. – P. 326. [Электрондық ресурс] – URL: [https://eprints.soton.ac.uk/444048/1/PhD\\_thesis.08.09.2020\\_Sajjad.pdf](https://eprints.soton.ac.uk/444048/1/PhD_thesis.08.09.2020_Sajjad.pdf) (қаралу күні: 02.03.2026)

6 Dearden J. English as a Medium of Instruction: A Growing Global Phenomenon. – British Council, 2016. – P. 34. DOI: <https://doi.org/10.13140/RG.2.2.12079.94888>

7 Lanvers U., & Hultgren A.K. The Englishization of European education: Foreword // European Journal of Language Policy. – 2018. – Vol. 10. – P. 1-11. DOI: <https://doi.org/10.3828/ejlp.2018.1>

8 Airey J. «I don't teach language»: The linguistic attitudes of physics lecturers in Sweden // AILA Review. – 2012. – Vol. 25. – P. 64-79. [Электрондық ресурс] – URL: [https://www.researchgate.net/publication/261070822\\_I\\_Don%27t\\_Teach\\_Language\\_The\\_Linguistic\\_Attitudes\\_of\\_Physics\\_Lecturers\\_in\\_Sweden](https://www.researchgate.net/publication/261070822_I_Don%27t_Teach_Language_The_Linguistic_Attitudes_of_Physics_Lecturers_in_Sweden) (қаралу күні: 28.01.2026)

9 Li M. Modeling the role of rapport and classroom climate in EMI students' classroom engagement // Acta Psychologica. – 2024. – Vol. 245. – Article 104209. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.actpsy.2024.104209>.

10 Wang Y., Yu S., & Shao Y. The experiences of Chinese mainland students with English-medium instruction in a Macau University // Educational Studies. – 2018. – Vol. 44(3). – P. 357-360. DOI: <https://doi.org/10.1080/03055698.2017.1373635>

11 Galloway N., & Rose H. English medium instruction and the English language practitioner // ELT Journal. – 2021. – Vol. 75(1). – P. 33-41. DOI: <https://doi.org/10.1093/elt/ccaa063>.

12 Wang Y., Derakhshan A., & Zhang L. J. Researching and practicing positive psychology in second / foreign language learning and teaching: The past, current status and future directions // Frontiers in Psychology. – 2021. – Vol. 12. – Article 731721. DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2021.731721>.

13 Pecorari D., & Malmström H. At the Crossroads of TESOL and English Medium Instruction // TESOL Quarterly. – 2018. – Vol. 52(3). – P. 497-515. DOI: <https://doi.org/10.1002/tesq.470> .

14 Airey J. 7. From stimulated recall to disciplinary literacy: Summarizing ten years of research into teaching and learning in English // In: S. Dimova, A. K. Hultgren & C. Jensen (eds.) English-Medium Instruction in European Higher Education. – Vol. 3. – Berlin, München, Boston: De Gruyter Mouton, 2015. – P. 157-176. DOI: <https://doi.org/10.1515/9781614515272-009>

15 Xu, L. & Xiao, Y. Students' perceptions of native/non-native English-speaking EMI teachers: Are NS teachers better than NNS teachers? // Frontiers in Education. – 2023. – Vol. 7. – Article 1082600. DOI: <https://doi.org/10.3389/feduc.2022.1082600>

16 Tajik, M. A., Namysova, G., Shamatov, D., Manan, S. A., Zhunussova, G., & Antwi, S. K. Navigating the potentials and barriers to EMI in the post-Soviet region: insights from Kazakhstani university students and instructors // International Journal of Multilingualism. – 2025. – Vol. 22(2). – P. 990–1010. DOI: <https://doi.org/10.1080/14790718.2023.2265428>

17 Kang, D. M. University-level students' stances, communication of negative emotions, and L2 swearing with respect to EMI during classroom interaction // Language and Intercultural Communication. – 2023. – Vol. 23(5). – P. 470-482. DOI: <https://doi.org/10.1080/14708477.2023.2217798>

18 Coleman J.A. English-medium teaching in European higher education // Language Teaching. – 2006. – Vol. 39(1). – P. 1-14. DOI: <https://doi.org/10.1017/S026144480600320X>

19 Shaw P., & McMillion A. Proficiency effects and compensation in advanced second-language reading // Nordic Journal of English Studies. – 2008. – Vol. 7(S3). – P. 123-143. DOI: <https://doi.org/10.35360/njes.104>

## REFERENCES

1 «Zhasandy intellekt dauirindegi Qazaqstan: ozekti maseleler zhane ony tubegeili cifrlyk ozgerister arkyly sheshu». Memleket basshysy Qasym-Zhomart Tokaevtyn 2025 zhylygy 8 kyrkuyektegi Qazaqstan halkyna Zholdauy [«Kazakhstan in the era of artificial intelligence: current issues and their solution through radical digital transformations». Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan on September 8, 2025]. [Electronic resource] – URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K25002025\\_1/history](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K25002025_1/history) (date of access: 28.01.2026) [in Kazakh]

2 Griaznova, M. A. (2012). Inoiazychnaia professionalnaia kommunikativnaia kompetentsiia meditsinskikh spetsialistov [Foreign language professional communicative competence of medical specialists]. *Vestnik OmGU [Bulletin of Omsk State University]*, 1(63), 145-147. [Electronic resource] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/inoyazychnaya-professionalnaya-kommunikativnaya-kompetentsiya-meditsinskikh-spetsialistov> (date of access: 28.01.2026) [in Russian]

3 Dafouz, E., & Camacho-Miñano, M. (2016). Exploring the impact of English-medium instruction on university student academic achievement: The case of accounting. *English for Specific Purposes*, 44, 57-67. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.esp.2016.06.001>

4 Airey, J. (2016). EAP, EMI or CLIL? In: Hyland, K.(eds.) *The Routledge handbook of English for academic purposes.*. London: Routledge, 71-83. [Electronic resource] – URL: <https://uat.taylorfrancis.com/chapters/edit/10.4324/9781315657455-15/eap-emi-clil-john-airey> (date of access: 01.03.2026) [in English]

5 Sajjad, P. (2018). A study of the perceptions of lecturers and students towards English-medium instruction in Pakistani Higher Education. Doctoral Thesis. Southampton: University of Southampton, 326. [Electronic resource] – URL: [https://eprints.soton.ac.uk/444048/1/PhD\\_thesis.08.09.2020\\_Sajjad.pdf](https://eprints.soton.ac.uk/444048/1/PhD_thesis.08.09.2020_Sajjad.pdf) (date of access: 01.03.2026) [in English]

6 Dearden, J. (2016). *English as a Medium of Instruction: A Growing Global Phenomenon.* British Council, 34 p. DOI: <https://doi.org/10.13140/RG.2.2.12079.94888>

7 Lanvers, U., & Hultgren, A.K. (2018). The Englishization of European education: Foreword. *European Journal of Language Policy*, 10, 1-11. DOI: <https://doi.org/10.3828/ejlp.2018.1>

8 Airey, J. (2012). «I don't teach language»: The linguistic attitudes of physics lecturers in Sweden. *AILA Review*, 25, 64-79. [Electronic resource] – URL: [https://www.researchgate.net/publication/261070822\\_I\\_Don%27t\\_Teach\\_Language\\_The\\_Linguistic\\_Attitudes\\_of\\_Physics\\_Lecturers\\_in\\_Sweden](https://www.researchgate.net/publication/261070822_I_Don%27t_Teach_Language_The_Linguistic_Attitudes_of_Physics_Lecturers_in_Sweden) (date of access: 28.01.2026)

9 Li, M. (2024). Modeling the role of rapport and classroom climate in EMI students' classroom engagement. *Acta Psychologica [Psychological Proceedings]*, 245, Article 104209. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.actpsy.2024.104209>

10 Wang, Y., Yu, S., & Shao, Y. (2018). The experiences of Chinese mainland students with English-medium instruction in a Macau University. *Educational Studies*, 44(3), 357-360. DOI: <https://doi.org/10.1080/03055698.2017.1373635>

11 Galloway, N., & Rose, H. (2021). English medium instruction and the English language practitioner. *ELT Journal*, 75(1), 33-41. DOI: <https://doi.org/10.1093/elt/ccaa063>

12 Wang, Y., L., Derakhshan, A., & Zhang, L. J. (2021). Researching and practicing positive psychology in second / foreign language learning and teaching: The past, current status and future directions. *Frontiers in Psychology*, 12, Article 731721. DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2021.731721>

13 Pecorari, D., & Malmström, H. (2018). At the Crossroads of TESOL and English Medium Instruction. *TESOL Quarterly*, 52(3), 497-515. DOI: <https://doi.org/10.1002/tesq.470>

14 Airey, J. (2015). From stimulated recall to disciplinary literacy: Summarizing ten years of research into teaching and learning in English. In: S. Dimova, A. K. Hultgren & C. Jensen (eds.). *English-Medium Instruction in European Higher Education* (Vol. 3). Berlin, München, Boston: De Gruyter Mouton, 157-176. DOI: <https://doi.org/10.1515/9781614515272-009>

15 Xu, L. & Xiao, Y. (2023). Students' perceptions of native/non-native English-speaking EMI teachers: Are NS teachers better than NNS teachers? *Frontiers in Education*, 7, 1082600. DOI: <https://doi.org/10.3389/feduc.2022.1082600>

16 Tajik, M. A., Namyssova, G., Shamatov, D., Manan, S. A., Zhunussova, G., & Antwi, S. K. (2025). Navigating the potentials and barriers to EMI in the post-Soviet region: insights from Kazakhstani university students and instructors. *International Journal of Multilingualism*, 22(2), 990-1010. DOI: <https://doi.org/10.1080/14790718.2023.2265428>

17 Kang, D. M. (2023). University-level students' stances, communication of negative emotions, and L2 swearing with respect to EMI during classroom interaction. *Language and Intercultural Communication*, 23(5), 470-482. DOI: <https://doi.org/10.1080/14708477.2023.2217798>

18 Coleman, J. (2006). English – medium teaching European higher education. *Language Teaching*, 39(1), 1-14. DOI: <https://doi.org/10.1017/S026144480600320X>

19 Shaw, P., & McMillion, A. (2008). Proficiency effects and compensation in advanced second-language reading. *Nordic Journal of English Studies*, 7, 123-143. DOI: <https://doi.org/10.35360/njes.104>

Арынғазиева А.А.<sup>1</sup>, Жорабекова А.Н.<sup>2</sup>, \*Егемберді Ә.Ә.<sup>3</sup>, Абилхайрова Ж.А.<sup>4</sup>  
<sup>1,2,3</sup> Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова  
<sup>4</sup> Кызылординский университет Коркыт Ата  
<sup>1,2,3</sup> Казахстан, Шымкент  
<sup>4</sup> Казахстан, Кызылорда

## **ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОЙ ИНОЯЗЫЧНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩИХ ИТ-ИНЖЕНЕРОВ НА ОСНОВЕ ЕМІ: ТЕКУЩЕЕ СОСТОЯНИЕ**

### *Аннотация*

В условиях глобализации цифровой экономики и транснационального характера IT-индустрии, а также стремительного развития информационно-коммуникационных технологий, владение иностранным языком прежде всего английским, становится неотъемлемым компонентом профессиональной подготовки будущих IT-инженеров. Поэтому перед высшими учебными заведениями стоит задача подготовки высококвалифицированных специалистов, не только профессионалов в IT-сфере, но и способных осуществлять профессиональную деятельность в англоязычном коммуникативном пространстве, охватывающем международные проекты, профессиональные сообщества, программную документацию и т.п. В этой связи формирование профессионально-ориентированной иноязычной компетенции выступает базовым условием профессиональной подготовки IT-выпускников. На современном этапе одним из наиболее распространенных подходов к формированию данной компетенции в неязыковом вузе является English as a Medium Instruction (EMI). В связи с этим, наше исследование направлено на выявление отношения и интереса студентов к формированию иноязычной профессионально-ориентированной компетенции будущих IT-инженеров на основе EMI, а также описать ее текущее состояние посредством эмпирических данных. В ходе исследования использовались теоретические, эмпирические и статистические методы. Проведен обзор литературы по теме исследования. Было проведено анкетирование среди 132 студентов по IT специальности Южно-Казахстанского исследовательского университета им. М. Ауэзова, результаты которого были обработаны посредством программы SPSS Statistics. Результаты показали, что будущие IT-инженеры заинтересованы в формировании профессионально-ориентированной иноязычной компетенции, мотивированы и стремятся к развитию своих профессиональных знаний и навыков. Поэтому решением данной проблемы предлагается внедрение учебно-методических пособий, разработанных на основе EMI в среде высшего образования, разработка модели на основе EMI, внедрение механизмов системной языковой поддержки профессионального предметного обучения, что будут способствовать совершенствованию системы высшего технического образования.

*Ключевые слова:* EMI (English Medium Instruction), предметно-языковое интегрированное обучение, информационно-коммуникационные технологии, формирование профессионально-ориентированной иноязычной компетенции, английский язык, будущие IT инженеры, текущее состояние.

Aryngazieva A.A.<sup>1</sup>, Zhorabekova A.N.<sup>2</sup>, \*Egemberdi A.A.<sup>3</sup>, Abilkhairova Z.A.<sup>4</sup>  
<sup>1,2,3</sup> Auezov South Kazakhstan University  
<sup>4</sup> Korkyt Ata Kyzylorda University  
<sup>1,2,3</sup> Kazakhstan, Shymkent  
<sup>4</sup> Kyzylorda, Kazakhstan

## **FORMATION OF PROFESSIONALLY ORIENTED FOREIGN COMPETENCE OF FUTURE IT ENGINEERS BASED ON EMI: CURRENT STATE**

### *Abstract*

In the context of the globalization of the digital economy, the transnational nature of the IT industry, and the rapid development of information and communications technologies, proficiency in a foreign language, primarily English, is becoming an integral component of the professional training of future IT engineers. Consequently, higher education institutions face the challenge of training highly qualified specialists who are not only competent professionals in the IT field but are also capable of working within an English-language communicative environment encompassing international projects, professional communities, software documentation, etc. In this regard, the formation of professionally oriented foreign language competence is a fundamental requirement for the professional training of IT graduates. Currently, one of the most common approaches to developing this competence in non-linguistic universities is English as a Medium Instruction (EMI). Accordingly, the present study aims to identify students' attitudes and interest in the formation of foreign language professionally oriented competence of future IT engineers based on EMI and to describe its current state based on empirical data. The study utilized theoretical, empirical, and statistical methods. A comprehensive review of the scientific literature was conducted. A survey was administered to 132 IT students at M.

Auezov South Kazakhstan University, and the data were processed using SPSS Statistics. The findings indicate that future IT engineers demonstrate a strong interest in developing professionally oriented foreign language competence and are motivated to enhance their professional knowledge and skills. Therefore, the proposed solution to this problem involves introducing EMI-based teaching aids into higher education, developing an EMI-based model, and implementing mechanisms for systemic language support for professional subject-specific learning, all of which will contribute to improving the system of higher technical education.

*Key words:* EMI (English Medium Instruction), content and language integrated learning, information and communication technologies, formation of professionally oriented foreign language competence, English, future IT engineers, current state.

Редакцияға түсті: 01.02.2026

Рецензиялаудан кейін мақұлданды: 16.04.2026

Жариялауға қабылданды: 29.06.2026